



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Бизнес және экономика жоғары мектебі
Экономика кафедрасы**

Кәсіпкерлік

Есенгелдиева Гүлмира Тоқтасыновна - аға оқытушы

6 – дәріс
Бизнес жоспарлау

Бөлім 6.2
Бизнес жоспардың құрылымы

Жоспар

- 1. Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы.**
- 2. Отандық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы.**
- 3. Бизнес жоспар құрудың негізгі ережелері.**

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Резюме

Бастапқы мәліметтер және сипаттамалар

Нарық болжамы

Маркетинг стратегиясы

Бәсекелестік

Тауар (қызмет)

Шығындарды анықтау

Өндіріс жоспары

Жұмысты ұйымдастыру және қаржыландыру

Нарық

Табысты анықтау

Қаржылық жоспар

Экономикалық, әлеуметтік тиімділікті бағалау

Тәуекелді талдау

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Резюме – бөлімінде бизнес-жоспардың нәтижелері мен тұжырымдары – ұсынылған жоба, өндіріс пен өнімнің жаңалығы сипатталады.

-Қысқа нұсқада сату көлемі, кірістер, шығындар мен пайда туралы ақпарат келтірілген;

-несиені өтеу уақыты көрсетіледі.

Мұндай қысқаша ақпарат мекеменің өнімдеріне, қызметіне объективті баға беруге мүмкіндік береді.

Бөлімнің **негізгі мақсаты** - болашақ қызметтің пайдасы мен тәуекелін бағалау.

Резюме-инвесторлардың идеямен алғашқы танысуы, жарнамалық буклеті түрі. Қызушылық таныту үшін ең басты, маңызды ақпарат беру қажет.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Бастапқы мәліметтер/сипаттамалар бөлімі.

Бұл бөлімде аумақтың функционалдық ерекшеліктерінің орналасуы, пайдалану шарттары сипатталған. Бұл мәліметтер талдау мен есептеулер үшін қажет.

Нарық болжамы бөлімі.

Бұл бөлім инвестициялық саладағы макроэкономикалық процестердің ағымдағы жағдайы мен тенденцияларын бағалауға арналған.

Негізгі мақсаты – қатысушы мекемелердің коммерциялық қызметін болжау.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Маркетинг стратегиясы.

Маркетинг бөлімнің **мақсаты:**

- нарықтың жай-күйін, бағаның өзгеруін талдау;
- сыртқы және ішкі факторларды, жарнамалық тиімділікті талдау;
- мекеменің күшті және әлсіз жақтарын, өндірістік мүмкіндіктерін бағалау.

Бәсекелестік.

Бұл негізгі бөлімнің бірі, бәсекелестердің жекелеген топтарының көрсеткіштерін, мақсаттарын талдау, бәсекелестердің стратегияларын салыстырмалы түрде талдау үшін қажет.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Тауар (қызмет).

Бұл бөлімде нарыққа ұсынылатын өнім немесе қызмет түрлерінің анықтамасы мен сипаттамасы берілген. Өнімді немесе қызметті өндіруге қажетті технологияның кейбір аспектілері көрсетілуі керек. Бұл ретте осы өнімнің әлеуетті сатып алушыларға беретін артықшылықтарына баса назар аудару қажет.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Шығындарды анықтау.

Бұл бөлімде бір жолғы және ағымдағы шығындар,
жеңілдіктер сипатталады.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Өндіріс жетістіктері.

Өндіріс процессінің толық сипаттамасы көрсетіледі: негізгі өңдеу және құрастыру жұмыстарының тізімі (шикізат, материалдар, көлемі, олардың бағасы, саны, сапасы). Жабдықтардың, ғимараттардың, еңбек ресурстарының және өндіріс шығындарының сипаттамасы. Мақсаты - өндірістік жоспардың барлық бөлімдері бойынша жағдайды бағалау.

Жұмысты ұйымдастыру және қаржыландыру.

Мақсаты – жобаны ұйымдастырудың кезеңдері бойынша ұйымдастыру жұмыстары мен қаржыландырудың блок-схемасын құру, қаражат көздері, мекеменің төлем қабілеттілігі және инвестициялардың өтелу мерзімі бойынша талдау.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Нарық.

Саладағы жағдай, әлеуетті тұтынушылар, нарықтық жағдайлар сипатталған сала. Әлеуетті тұтынушылардың өсу қарқынын талдау үшін қажет бөлім.

Табысты анықтау.

Жеңілдіктер мен инфляцияны ескере отырып, өндіріс түрлері, жұмыс құны, баға, салық салу, жалпы және таза кіріс туралы ақпаратты қамтитын бөлім.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Қаржылық жоспар.

Бөлімнің мақсаты – мекеменің қаржылық талдауы, ақша шығындары мен кірістерін, табыс пен шығындарды талдау, қаржылық жағдайды нығайту үшін резервті анықтау.

Экономикалық, коммерциялық, әлеуметтік тиімділікті бағалау.

Шығындар, инвестициялардың қайтарымы, жобаның тиімділік нүктесі көрсетілетін бөлім.

Мақсаты – инвестициялардың экономикалық, коммерциялық, бюджеттік, әлеуметтік тиімділігін бағалау.

Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Тәуекелді бағалау.

Бөлімде тәуекелдердің түрлері, олардың туындау себептері, ықтимал залалдары, тәуекелдің алдын алу шаралары, сақтандыру және сыртқы тәуекелдерді сақтандыру бағдарламалары көрсетіледі.

Мақсаты – тәуекелдердің себептері және пайда болу көздері бойынша талдау, тәуекелді болдырмау механизмін, қарама-қайшылық нысандары мен шарттарын іздеу.

Отандық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

1. Кіріспе
2. Мекеменің сипаттамасы
3. Өнім (жұмыс, қызмет) сипаттамасы
4. Нарық пен бәсекелесті талдау
5. Маркетинг жоспары
6. Өндіріс жоспары
7. Ұйымдастыру жоспары
8. Қаржылық жоспар
9. Инвестициялық жоспар
10. Тәуекелдерді талдау
11. Қосымшалар

Отандық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы

Бизнес жоспардың қосымшаларында заңды және құқық құжаттары: құрылтай құжаттары, ресурстарды иелену не болмаса пайдалануға құқығы және т.б. құжаттар сипатталады.

Бизнес жоспар құрудың негізгі ережелері

- Бизнес жоспар визуалды жақсы орындалуы керек.
- Бизнес жоспар қысқа болуы керек.
- Бизнес жоспарда негізгі емес схемалар, кестелер мен графиктер қажет емес.
- Үлкен көлемді және ақпараты көп бизнес жоспарды құру тиімді емес.

Қорытынды

1. Халықаралық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымы толық негізгі ақпаратты қамтиды.
2. Отандық практикада қолданатын бизнес жоспардың құрылымының ерекшелігі - қосымшаларда.
3. Бизнес жоспар қысқа, әрі информативті болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 480 бет.

Қолданылған интернет ресурс тізімі

1. Tim Berry. The book on business planning.
http://gbds.us/clientuploads/downloads/Hurdle_Book_on_Business_Planning.pdf
2. Write your business plan. <https://www.sba.gov/business-guide/plan-your-business/write-your-business-plan>